

**Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2002 жылғы 21 қарашадағы N 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2065. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2010 жылғы 01 қазандағы № 61 бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2010.10.01 № 61 бұйрығымен.**

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекет мүдделерінің сақталуына тиісті қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 11 бабының 4 тармақшасын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы" нұсқаулық бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қадағалау департаменті (А.Н.Кравченко) осы бұйрық және "Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы" нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге шаралар қолдансын.

3. Бұйрық Бас әскери прокурорға, облыс, қала, аудан прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға жолдансын.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасарына жүктелсін.

5. Бас Прокурордың "Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы" 15 маусым 1999 жылғы N 60 және "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметінің еркіндік құқығын қорғау туралы" 28 қараша 2000 жылғы N 63 бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Бас прокуроры*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Б а с                      П р о к у р о р ы н ы ң  
2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      2 1                      қ а р а ш а д а ғ ы  
N                      6 0                      б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

**Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңына және заңдардың қолданылуына, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне сәйкес қабылданды.

2. Бас Прокурордың орынбасарлары, Бас прокуратура департаменттерінің, басқармаларының бастықтары, облыс, қала, аудан прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар Қазақстан Республикасы заңдарының, Президент жарлықтарының және республика аумағындағы басқа да нормативтік құқықтық актілердің нақты және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды қамтамасыз етсін, заңдылықтың кез-келген бұзылуын жою мен анықтау жөнінде шаралар қолдансын.

3. Заңдардың дұрыс қолданылуының, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын төменгі басымдық бағыттар бойынша прокурорлық қадағалауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылсын:

1) адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының міндетті түрде сақталуын;

2) сыбайлас жемқорлықпен күрес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған заңдардың нақты және бірыңғай қолданылуын;

3) мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің, Конституцияға, Республика Президентінің заңдары мен жарлықтарына сәйкес келуін;

4) қоршаған ортаны қорғау және оның ресурстарын тиімді пайдалану туралы заңдардың қолданылуын;

5) кәсіпкерлікті қолдау және қорғауға бағытталған заңдардың қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету болып есептелсін;

б) кәмелетке толмағандар туралы заңдылықтың қолданылуына.

**Ескерту: 3-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

4. Прокуратураның құқық қорғау функциялары, соның ішінде денсаулығына немесе жасына байланысты өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше талап етуге қабілетсіз азаматтар мен адамдардың едәуір бөлігінің құқықтары мен бостандықтарына тиесілі көпшілік сипаттағы заңның бұзылуын жою сотқа талап-арыз беру арқылы орындалсын. Қалған жағдайда әр азаматқа өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғау тәртібі түсіндірілсін.

Бас Прокурордың немесе жетекшілік ететін орынбасарларының тікелей тапсырмаларынсыз шаруашылық жүргізуші субъектілердің азаматтық-құқықтық дауларына прокуратура органдарының араласуына және азаматтардың мүддесінде негізсіз талаптар беруге жол берілмесін.

Заңды тұлғалардың мүдделеріне қатысты талап-арыздар сотқа Бас Прокурордың немесе оның орынбасарларының келісімімен ғана жолдансын.

**Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

5. Тексеру заң талаптарына сай, қадағалау құзырындағы аумақтарда заңдылық жағдайын мұқият талдау негізінде, сондай-ақ Бас Прокурордың тапсырмалары бойынша жоспарланып, орындалсын.

Бұл мақсатта, прокурорларда өзінің қадағалау аумағындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері, демографиялық жағдайы, сондай-ақ халықтың қоғамдық, діни және саяси белсенділігі толығымен сипатталған, үнемі жаңартылып отыратын паспорт болу керек.

Аумақтағы жалпы ахуал және заңды қолданудың аса проблемалы саласын зерделеу мақсатында сотта қаралған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша қажетті мәліметтер жинақталынсын.

6. Тексеру қатаң түрде өз құзыреті шеңберінде және бір айлық мерзімде жүргізілсін. Тексеруді тағайындаған прокурор жоғары тұрған прокурордың келісімімен оның мерзімін ұзарта алады. Тексеру тиісті қаулы шығарылғаннан кейін ғана жүргізілсін.

Жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштері, сондай-ақ Бас прокуратураның тапсырмалары бойынша тексерулерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басшылығымен келіспей шаруашылық субъектілерін бастамашылық тексеруге жол берілмесін.

Тексеру алдында тексерілетін субъектінің лауазымды тұлғасы тексеруді тағайындау туралы қаулымен таныстырылсын.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

7. Тексеру жүргізу туралы қаулыны шығаруға: Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Бас прокуратура департаменттерінің, дербес басқармаларының және бөлімдерінің бастықтары, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары және облыс прокуратураларының дербес басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары, оларға теңестірілгендер, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілгендердің аға көмекшілері, қала, аудан, арнайы прокуратуралардың прокурорлары, олардың міндеттерін атқарушылар құқықты.

8. Тексеріс тақырыбына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңының қолданылуына, мемлекеттік органдардың құқықтық актілерінің заңдылығына баса назар аударылсын.

8-1. Тексеру нәтижелері бойынша дайындалған анықтама көшірмесі тексерілген субъект басшысына танысу үшін берілсін.

**Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

9. Прокурорлық қадағалау актілерін сапалы дайындау қамтамасыз етілсін.

Прокурорлық қадағалау актілерінде заңнама нормаларына міндетті түрде сілтеме жасай отырып, заң бұзушылықтың құқықтық мәні баяндалсын, осыған орай заңның келеңсіз бұзылу салдары, себептері мен жағдайлары көрсетілсін және кемшіліктерді болдырмау, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселе қойылсын.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

10. Прокурорлық қадағалау актісінің орындалуына және іс жүзінде заң бұзушылықтың жойылуына бақылау қамтамасыз етілсін.

11. Ұйғарым прокурорлық қадағалау актісі ретінде тек Қазақстан Республикасы "Прокуратура туралы" Заңының 24-ші бабында көзделген талаптардың жиынтығы негізінде қолданылсын, яғни, егер заңды бұзу:

1) ашық сипатта болса;

2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам және мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірілсе;

3) дереу жоюды қажет етсе.

Ұйғарым нормативтік құқықтық актілерге байланысты қолданылмайды.

12. Егер ұйғарымды өз еркімен орындамаса, ол, мүлкінен мәжбүрлеп айырудан басқа жағдайларда, мәжбүрлеп орындатуға жолдансын.

13. Заң бұзушылық туралы ақпараттың түсу-түспеуіне қарамай, уақытында және үнемі өз өкілеттігі шеңберінде мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің заңдылығына тексеру жүргізілсін, сонымен қатар:

1) мемлекеттік органдар өздері жаңадан қабылданған барлық нормативтік

құқықтық актілерін ерікті түрде прокуратураға жолдап тұруға қол жеткізілсін.

2) әрбір нормативтік құқықтық актілерді зерделеу нәтижесі туралы анықтама мен тұжырымдамалар дайындалсын;

3) заңсыз құқықтық актілердің күшін жоюға немесе заңға сәйкестендіруге шаралар қолданылсын.

14. Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіретін құқықтық актілер анықталса, наразылықта оларды қолдануды тоқтату туралы талап міндетті түрде көрсетілсін.

Мұндай наразылық қанағаттандырылмаған жағдайда, бірден сотқа талап арыз жолданып, ол қаралғанша тиісті қаулы қабылдау арқылы наразылық келтірілген актіні қолдану тоқтатылсын.

15. Жалпыға бірдей міндетті немесе азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу туралы заң талаптарының орындалуына назар аударылсын.

Мемлекеттік тіркеуге жататын, бірақ тіркеуден өтпеген нормативтік құқықтық актілер анықталса, оларды қолдану міндетті түрде тоқтатылсын.

Азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне байланысты нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу ережелері бұзылса, кінәлі лауазымды иелері заңда анықталған тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылсын.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

16. Анықталған заңсыз нормативтік құқықтық актілерге наразылық келтіруге прокурордың өкілеттігі болмаған жағдайда, материалдар қадағалау бағыныстылығына сай жоғары тұрған прокурорға жолдансын.

17. Нормативтік құқықтық актілерді қолдануды тоқтату туралы прокурорлық қадағалау актілері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

18. Заң нормаларында қайшылықтар немесе кемшіліктер анықталса, сондай-ақ заңда көзделген нормативтік құқықтық актілердің қабылданбағаны анықталса, ол туралы Бас прокуратураға хабарлансын.

19. Жоғары тұрған прокурор қабылданған прокурорлық қадағалау актілерінің заңдылығын тексеру нәтижесі бойынша:

1) олардың заңдылығы және негізділігі күмәнді болса, нақты шешім қабылдағанға дейін оларды қолдануды тоқтатсын;

2) заңда және осы бұйрықта белгіленген құзырет шеңберінен шығып кеткен жағдайда прокурорлық қадағалау актілерін қайтарып алсын;

3) прокурорлық қадағалау актілері Конституцияға , заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына, Бас Прокурордың бұйрықтары мен нұсқауларына қайшы келсе, олардың күші жойылсын.

20. Мемлекеттік органдар қабылдаған тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың заңдылығына, сондай-ақ заңдарда көзделген жағдайда олардың қолданылуы туралы прокурорды уақытылы хабардар етуді қадағалау қамтамасыз етілсін .

Тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы хабарламаны алғаннан кейін, міндетті түрде екі күн ішінде бұл шаралардың заңдылығы тексерілсін, ал қажет болған жағдайда тексеру тыйым салынған, шектелген азаматтардан түсінік алу арқылы жүргізілсін.

21. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары тағайындаған тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралардың күшін жою немесе алып тастау туралы қаулы осы органдардың лауазымды тұлғаларының тарапынан заңдылықтың көпе-көрнеу және өрескел бұзылуы анықталған жағдайда шығарылсын .

Мұндай қаулыларды Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Бас прокуратура департаменттерінің, дербес басқармаларының, бөлімдердің бастықтары, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, қала, аудан, арнайы прокуратуралардың прокурорлары мен олардың міндеттерін атқарушылар шығаруға құқықты.

22. Тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар туралы хабарламалар міндетті түрде байланған, нөмірленген, мөрленген, сондай-ақ хабарламаның түскен күні мен уақыты туралы мәлімет көрсетілген арнайы журналға тіркелсін.

23. Мемлекеттік органдардың тиісті хабарламаларды мүлде бермеу немесе уақытында бермеу фактілерін анықтау мақсатында жылына кемінде бір мәрте тиісті тексеру ұйымдастырылсын.

24. Мемлекеттік органдардың жүргізген жұмыстары туралы заң актілеріне сәйкес прокурорды хабардар етпеу немесе уақытылы хабардар етпеу фактілері анықталса, кінәлі лауазымды тұлғаларды заңда белгіленген әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесі міндетті түрде шешілсін.

25. Прокурорлық тексеру барысында жасырын заң бұзушылықты анықтау қажеттігі туындаған жағдайда және оны анықтауды жүзеге асыру үшін өзге мүмкіндік болмаса, құзыретті органдар тарапынан жедел-ізвестіру іс шараларын жүргізу мәселесі шешілсін .

Жедел-ізвестіру іс шараларын жүргізуге негіз Бас Прокурордың, оның орынбасарларының, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың қаулылары болып табылады.

Қаулыда жедел-ізвестіру іс-шараларының негізі, олардың өткізілу мерзімі,

тексерілетін субъектілердің ауқымы және алынған нәтижелердің берілу нысаны көрсетілсін.

26. Қажет жағдайда тексеруге мамандар тартылсын. Сараптама арнайы ғылыми білім қажеттігі туындағанда және оның нәтижесіз прокурорлық тексеруді жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайда ғана тағайындалсын.

Сараптаманы тағайындау туралы қаулыны Бас Прокурор, оның орынбасарлары, Бас прокуратура департаменттерінің, дербес басқармалары мен бөлімдерінің бастықтары, облыс прокурорлары, оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың міндеттерін атқарушылар, сондай-ақ қалалар мен аудандар прокурорлары облыс прокурорларымен немесе олардың міндеттерін атқарушылармен келісу бойынша шығарады. Келісу 3 тәулік ішінде, ал кешіктіруге болмайтын жағдайларда 24 сағат ішінде жүзеге асырылады. Тегін жүргізілетін сараптама келісуді талап етпейді.

Сараптаманы тағайындау туралы қаулыда: сараптаманы тағайындау негізі, уақыты, орны, сараптауға жолданатын объектілер мен сарапшының қарауына берілетін өзге құжаттар, сарапшының тұжырымына негіз болатын тексеру материалдарында бар мәліметтер, сарапшының алдына қойылған сұрақтар, сот сараптама органының атауы немесе сараптама жүктелген маманның аты-жөні көрсетілсін.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

27. Қандай да болмасын өкілетті органның құзыреті туралы азаматтар мен заңды тұлғалардың алғашқы арыздары Қазақстан Республикасының "Әкімшілік процедурасы туралы" Заңының талаптарына сәйкес ведомстволық бағыныстылығы бойынша тиісті мемлекеттік органға жолдансын және арызданушыға осы орган қабылдаған шешімімен келіспеген жағдайда прокуратураға қайта шағымдану мүмкіндігі туралы хабарлансын.

28. Прокурордың заңды қызметіне кедергі жасалса, оның ұйғарымдары және басқа да заңды талаптары орындалмаса, кінәлі тұлғалар заңда белгіленген әкімшілік жауапкершілікке тартылсын.

29. Прокурорлық қадағалау актілерінің орындалмауы, сондай-ақ прокурордың қызметіне кедергі келтіруі салдарынан азаматтардың, ұйымдардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірілсе, кінәлі тұлғалар заңда белгіленген қылмыстық жауапкершілікке тартылсын.

**2-тарау. Прокурорлық қадағалаудың жеке бағыттарындағы міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру**

## 1. Әлеуметтік саладағы заңдылықты қадағалау

30. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында заңдылық жағдайы жүйелі талдансын.

31. Кәмелетке толмағандар туралы заңнаманың қолданылуын тексеру мемлекеттік органдар мен жүйелі алдын-алу мекемелерінде, ал қажет болса балалар үйінде, мектеп-интернаттарда және балаларды күтіп, тәрбиелейтін басқа да мекемелерде өткізілсін.

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алу туралы заң талаптарының сақталуына, және олардың құқықтарының, оның ішінде мүліктік құқықтарының қорғалуына баса назар аударылсын.

32. Өкілетті мемлекеттік органдарда қаралатын кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу туралы істерге прокурордың міндетті түрде қатысуы, сондай-ақ уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарында кәмелетке толмағандарды ұстау заңдылығы қамтамасыз етілсін.

33. Тиісті өкілетті мемлекеттік органдарда кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған білім, неке және отбасы, денсаулықты қорғау, халықты еңбекпен қамту, еңбекті қорғау туралы заңнамалардың қолданылуы тексерілсін.

34. Білім туралы заңнаманың қолданылуын қадағалау білім мекемелерінің тарапынан бюджет және қаржы тәртібінің, лицензиялау мәселелерінің, мемлекеттік жалпы білім стандартының сақталуына бағытталсын.

35. Білім саласында өкілетті мемлекеттік органдар тарапынан оқуға мүмкіндігі жоқ немесе оқудан бас тартқан жасөспірімдерді анықтау, оларды орналастыру қызметіне, сондай-ақ азаматтардың тегін орта білім алу туралы конституциялық құқығының сақталуына баса назар аударылсын.

Мемлекеттік білім мекемелерінде оқушылардың ата-аналарынан заңсыз ақша жинау фактілері анықталса, оларды жою шаралары қолданылсын.

Заңда белгіленген ақылы қызмет көрсету және ақша қаражатын жұмсау тәртібінің мінсіз сақталуына назар аударылсын.

36. Жылына кемінде бір мәрте денсаулық сақтау заңнамасында белгіленген мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары тарапынан көрсетілетін медициналық-санитарлық, медициналық-әлеуметтік және дәрі-дәрмек көмектерінің тегін болуы мен қол жетімділігі, сондай-ақ халықты аурудан сақтандыру және қолайлы санитарлық-эпидемиялық ахуалды қамтамасыз ету талаптарының сақталуы талдансын.

37. Тексерумен мемлекеттік өкілетті органдар және жұмыспен қамтамасыз етушілердің экологиялық, санитарлық-эпидемиялық қолайлы ахуалды

калыптастыруға және халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері қамтылсын.

38. Кәмелетке толмағандар үшін, білім, денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік мәселелерді шешуге бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты және заңды жұмсалыуына міндетті және уақытылы қадағалау қамтамасыз етілсін.

39. **(39-тармақ алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен).**

40. Еңбек туралы заңнаманың қолданылуын тексеру кезінде тазалық пен қауіпсіздік талаптарына сай еңбек шарттарына, еңбегі үшін ешқандай кемсітусіз сыйақы берілуіне, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуына байланысты азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуына баса назар аударылсын.

41. Шекараға жақын облыстарда жасырын көші-қонның алдын-алу, тыю шараларын күш біріктіріп жүзеге асыру үшін құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдармен тиісті қарым-қатынас ұйымдастырылсын.

Өкілетті мемлекеттік органдарды тексергенде олардың заңсыз көші-қонның алдын алу мен тыю міндеттерінің орындалуына, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріндегі өзара қарым-қатынас деңгейіне баса назар аударылсын.

42. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының болуы ережелерінің қолданылуына тиісті қадағалау жүзеге асырылсын.

**Ескерту: 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

43. Өкілетті мемлекеттік органдардың шетелдік жұмысшы күштерін тартуға және Қазақстаннан жұмысшы күштерін шетелге шығаруға лицензия беру туралы шешімдерінің заңдылығына баса назар аударылсын.

44. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауда өкілетті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың қолданылуына жыл сайын талдау жасалсын.

**Ескерту: 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

45. Мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан (қабылдаушы-бөлуші, әкімшілік тәртібімен қамауға алынған адамдарды арнайы қабылдау мекемелері, ішкі істер органдарындағы медициналық айықтырғыш тарапынан) азаматтардың жеке бас бостандықтарына байланысты конституциялық құқықтарының сақталуына баса назар аударылсын.

Көрсетілген мекемелерде кемінде аптасына бір мәрте тексеру жүргізіліп, төменгі мәселелер зерделенсін:

1) азаматтарды арнайы мекемеге әкелу заңдылығы мен онда болу мерзімінің

с а қ т а л у ы ;

2) мекемелерде белгіленген режим және ұстау тәртібінің (мекеменің техникалық шамасына сәйкес емдеу, жұқпалы аурулардың алдын-алу шараларын жүргізу) қамтамасыз етілуі.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуын дер кезінде жоюды қамтамасыз ету мақсатында аталмыш мекемелерде түнгі уақыттарда, мереке және демалыс күндерінде тексеру ұйымдастырылсын.

46. Азаматтарды заңсыз әкелу, ұстау фактілері анықталса, тез арада босатылсын, ал заң бұзушы лауазым иелеріне тиісті шаралар қолданылсын.

## **2. Қаржы-несие саласындағы заңдардың қолданылуын қадағалау**

47. Прокуратура органдарының қаржы-несие саласындағы негізгі міндеттері бюджет, банк, кеден, салық пен бюджетке төленетін төлем мен басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамаларының орындалуын қадағалау болып есептелсін.

48. Жылына кемінде бір мәрте салық органдары қабылдаған салық төлеушіге салық және бюджетке төленетін басқа төлемдерді төлеу мерзімін ұзарту, есептелген өсім және айыппұлды төлеуден босату, сондай-ақ бюджеттен ақша қаражатын қайтару туралы барлық шешімдерінің заңдылығы тексерілсін.

Салық төлеушілерге жеңілдік беру немесе бюджеттен ақша қаражатын заңсыз қайтару фактілері бойынша түпкілікті шара қабылданып, заңсыз қайтарылған қаражат бюджетке өндірілсін және салық органдарының кінәлі лауазымды қызметкерлерінің жауапкершілігі туралы мәселе көтерілсін.

**Ескерту. 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

4 9 . < \* >

**Ескерту: 49-тармақ алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

50. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы төлемдерінің толық және дер кезінде төленуі жөнінде салық органдары бақылау жүргізгенде заңдылықтың жағдайына жыл сайын талдау жасалсын.

Міндетті зейнетақы бойынша елеулі қарыздар анықталған жағдайда, олардың себебін анықтап, кінәлі лауазымды қызметкерлердің жауапкершілігі туралы мәселе көтерілсін .

**Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

51. Қолданылып жүрген салық және кеден заңдарында салық төлеушілер міндетті зейнетақы төлемдерінің төленуі жөніндегі агенттер (одан ары - агент)

мен сыртқы экономикалық қызметтердің субъектілерінің банктегі есепшоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату негіздерінің қалтқысыз орындалуына  
н а з а р а у д а р ы л с ы н .

Салық төлеушілердің заңда белгіленген мерзімде салық есебін бермеуіне немесе салық қарызын өтемеуіне байланысты банктегі есепшоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы салық органдарының өкімдерін санкциялау мәселесін шешу кезінде, салық төлеушілердің уақытында төленбеген салық міндеттерін өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған шаралар туралы хабарлама мен олардың дербес есепшоттарынан тиісті бөлімшелер басшыларының қолдарымен және салық органының мөрімен куәландырылған үзінді көшірме, сондай-ақ салық төлеушінің есептелген салық сомасы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мен өсім туралы хабарламаға салық төлеушінің шағымдану фактісінің болмағандығы туралы жазбаша растау  
х а т т а л а п е т і л с і н .

**Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 , өзгерту енгізілді - 2008.06.25. N 29 б бұйрықтарымен.**

52. Салық кодексінде белгіленген салық тексеруін жүргізу тәртібінің бұзылуынан басқа жағдайда, салық төлеушінің салық қызметінің лауазымды тұлғаларын салық тексеруіне, салық объектілер мен салық салуға қатысты объектілерді зерделеуге жібермеуіне байланысты оның банктегі есепшоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы салық органдарының өкімдерін санкциялау мәселесін шешу кезінде салық органынан салық төлеушіні тексеру туралы ұйғарым, оның салық қызметкерлерін салық объектілеріне (тұрғын мекен-жайдан басқа) кіргізбеуі туралы хаттама міндетті түрде талап етілсін.

Қажетті жағдайда салық органдарының өкімдерін санкциялау туралы шешім қабылдағанға дейін салық төлеушілерден түсініктеме алынсын.

52-1. Міндетті зейнетақы төлемдерін дер кезінде төлемеуіне және салық органына, салық органдарының инкассалық өкімдері бойынша берешек банктің пайдасына өндіріледі, жинақтаушы зейнетақы қорлар салымшыларының тізімдерін бермеуіне байланысты агенттің банктік есепшотындағы шығыс операцияларын тоқтату (қысқарту) туралы салық органдарының өкімдерін санкциялау мәселесін шешу кезінде міндетті зейнетақы төлемдері бойынша берешек екенін растайтын құжаттар талап етілсін.

**Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 , өзгерту енгізілді - 2008.06.25. N 29 бұйрықтарымен.**

53. Банктегі есепшот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы кеден органдарының өкімдерін санкциялауды шешу кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғалары жүргізген тексеру құжаттарының көшірмесі тіркелген

тексеру актісі, есеп айырысу шоттары және тексеру кезінде анықталған басқа құжаттар талап етілсін.

54. Банктегі есепшот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы салық және кеден органдарының өкімдерін санкциялау туралы шешім құжаттар толық көлемінде берілгеннен бастап 24 сағаттың ішінде қабылдансын.

55. Жылына кемінде бір мәрте салық және кеден органдары банктік есепшоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы өкімдерді және мүлікке иелік етуді шектеу туралы шешімдерді бұзудың заңдылығына тексеріс жүргізілсін.

**Ескерту: 55-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 , өзгерту енгізілді - 2008.06.25. N 29 бұйрықтарымен.**

55-1. Салық органдарының заңнаманың сақталуына жоспардан тыс тексерістері Бас прокуратураның тапсырмалары негізінде, сондай-ақ шешімін тексеріс жүргізусіз анықтау мүмкін болмайтын өтініштер негізінде ғана жүргізілсін.

**Ескерту. 55-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен).**

56. Салық органдары беретін салық төлеушілер туралы мәліметтер қызметтік құпия болып табылатындығына және олар тікелей заңда көрсетілген талаптардан басқа жағдайларда жариялауға жатпайтындығына назар аударылсын.

57. Салық төлеушілердің банктегі есепшоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға берілген санкциялар жеке журналда тіркеліп, есепке алынсын.

"Қызметте пайдалану үшін" (ҚПҮ) белгісі бар жеке нарядқа салық төлеушінің есепшотының көшірмесі, тиісті аумақтар мен объектілерге ( мекен-жайлардан басқа) салық қызметкерлерін жібермеу туралы хаттаманың көшірмесі тіркелген салық органы өкімінің бір данасы міндетті түрде тігілсін.

58. "Банктер және банк қызметі туралы" Заңда банк құпияларын құрайтын мәліметтер мен оларды заңды негізде жариялауға болатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының тізбесі белгіленгені ескертілсін.

Осыған орай, заңды тұлғалардың банк есепшоттары, сондай-ақ, заңды тұлғаны құрмай кәсіпкершілікпен айналысатын жеке тұлғаның ағымды есепшоттары, олардың нөмірлері, осы есепшоттардағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы деректер бойынша мемлекеттік органдардың банктерге жолданған сұранымдары төмендегі талаптар негізінде санкциялансын:

1) алдын-ала тергеу және анықтау органдарына - олардың өндірісіндегі қылмыстық істерді қарағаннан кейін. Егер сұратылып алынған мәліметтер қылмыстық іс бойынша елеулі маңызы және дәлелдеме ретінде қолданылуы

мүмкін болса, алдын-ала тергеу және анықтау органдарының әрбір нақты сұрауларына санкция берілсін;

2) кеден органдарына - қаржы операциялары бойынша сыртқы экономикалық қызмет жүргізетін жеке немесе заңды тұлғалардың, я болмаса олардың әріптестерінің қызметтеріне тексеру тағайындау туралы ұйғарым табыс етілген соң ;

3) алынып тасталды ;

4) атқару ісін жүргізу органдарына - атқару ісін жүргізуді қарағаннан кейін. Бұнымен қоса, атқару ісін жүргізу органының бірінші басшысы немесе өндірісінде осы іс бар сот орындаушысы сұратқан жағдайда.

**Ескерту: 58-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

59. Банктер және банк қызметтері туралы заңнамада банктегі мүліктер мен ақшаларды қайтарып алуға және тыйым салуға құқы бар мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының толық тізбесі көрсетілген.

Осыған байланысты, тергеу, анықтау, атқару ісін жүргізу органдарының банктегі ақша мен мүлікке тыйым салу туралы қаулылары осы органдардың өндірісіндегі қылмыстық істер, сондай-ақ атқару ісін жүргізу органдарының өндірісіндегі істерді зерделеген соң санкциялансын.

Талап арыздарды қамтамасыз етуде онда көрсетілген талап сомасынан жоғары ақша қаражатына және сот шешімдерін, қаулыларын, үкімдерін, ұйғарымдарын орындауға байланысты мемлекеттік баж көлемінен артық ақша сомасына тыйым салуға жол берілмесін.

60. Прокурордың санкция беруден негізсіз бас тарту фактілеріне жол берілмесін.

61. Клиенттердің есепшоттарындағы ақша қаражаты және оның қозғалысы туралы мәліметтерге қол жеткізуді санкциялауға, сондай-ақ банк клиенттерінің есепшоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы өкімдер ұйғаруға осы клиент салық есебінде тұратын қадағалауға бағынышты аумақтың прокуроры құқықты. Қажет болған жағдайда клиент салық есебінде тұратын қадағалауға бағынышты аумақтың прокурорын міндетті түрде хабардар етіп, тиісті банк немесе оның филиалы, не санкция сұраған орган қадағалауға бағынышты аумақта орналасқан аумақтың прокуроры ғана мұндай санкцияларды беруі мүмкін .

**Ескерту: 61-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

62. Банк құпиясына жататын мәліметтер заңсыз жарияланса, банктердің және мемлекеттік органдардың кінәлі лауазымды қызметкерлерін заңда белгіленген жауапкершілікке тарту шаралары қолданылсын.

63. Бюджет қаражатын жұмсау заңдылығын тексеру республикалық және жергілікті бюджеттің шығыс бөлімінің қорытындысы мен қаржы бақылау органдарының тексеру актілері негізінде жоспарлансын, шығыны көп бюджеттік бағдарламаларға баса назар аударылсын.

### **3. Жеке меншік және кәсіпкерлікті қорғау заңдарының қолданылуын қадағалау**

64. Жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқару органдарында мемлекет мүлкін жекешелендіру, басқару және жалға беру туралы шешімдердің заңдылығы үнемі тексерілсін. Тексеру кезінде мемлекет меншігіне өкілетті органдардың басқару тиімділігіне, оның ішінде мемлекеттің қатысуымен кәсіпорындарды басқару органдарының жұмысына олардың өкілдерінің қатысуына баса назар аударылсын. Заң бұзушылық анықталған жағдайда, жекешелендіру туралы азаматтық істер бойынша талап мерзімдерінің қысқалығын ескере отырып, жеке меншік иесі ретінде мемлекеттің бұзылған құқығын қалпына келтіру шаралары дереу қабылдансын.

Жартылай және толық орындалған келісім-шарттарды жарамсыз деп тануға және бұзуға бағытталған прокурорлық қадағалау шараларын қабылдаған кезде, олардан болуы мүмкін кері әсер талданып, мемлекеттің зиян шегуіне жол берілмесін.

65. Жарты жылда бір мәрте мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануды тексерудің нәтижелері қорытындылансын. Қорытындылау барысында сатып алуға бөлінген қаражатты тиімді де ұтымды жұмсау қағидаттарының сақталуына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға мүдделі барлық тұлғаларға бірдей мүмкіндік беруге баса назар аударылсын.

66. Мемлекеттік жұмылдыру және материалдық қорларының сақталуын тексергенде, оларды жаңарту мен броннан босату заңдылығына баса назар аударылсын.

67. Жер туралы заңнаманың қолданылуын қадағалау саласында мемлекеттік органдар тарапынан жерді пайдалану мәселелері бойынша шешім қабылданғанда, белгіленген мерзімдердің сақталуы тексерілсін.

Жер мәселелеріне қатысты жергілікті атқарушы органдарының жерге байланысты шешімдері, әсіресе жерді беру және қайтарып алу, шаруашылық субъектілеріне жер құнын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу жеңілдіктерін беру туралы шешімдері жүйелі тексерілсін.

68. (68-тармақ алып тасталды - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен).

69. Банкроттық туралы заңнамалардың қолданылуын қадағалау саласында конкурстық массаны құру мен оны сату кезінде заңдылықтың қамтамасыз етілуіне, сондай-ақ несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру кезегінің сақталуына баса назар аударылсын.

Тексеру жүргізген кезде жалған және қасақана банкроттықты ұйымдастыруды, мемлекет мүддесіне зиян келтірген заңсыз іс-әрекеттерді анықтау мақсатында, кәсіпорынның банкротқа ұшырау себептері талдансын.

Өкілетті мемлекеттік органның жағдайы жоқ қарызгерлермен жұмыс бойынша қызметі үнемі тексерілсін.

70. Экономика саласындағы кәсіпкерлік қызметті лицензиялау туралы заңдылықтардың қолданылуын тексеру қадағалау аумағындағы жағдайға байланысты жоспарланып, жүргізілсін.

71. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша үнемі тексеру жүргізілсін. Бұл бағыттағы жұмыс нәтижелері жарты жылда бір мәрте қ о р ы т ы н д ы л а н с ы н .

**Ескерту. 71-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

72. Мемлекеттік органдардың өкілеттігі жоқ ұйымдарға бақылау және қадағалау функцияларын беруге, жеке шаруашылық субъектілеріне қолайлы немесе нұқсан келтіретін жағдайлар туғызуға бағытталған іс-әрекеттері мен актілерін анықтап, наразылық келтіру шаралары қолданылсын.

73. Тиісті тіркеуге алынбай жүргізілген шаруашылық субъектілеріндегі тексерістерді анықтау мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органдағы мәліметтер бақылау және қадағалау органдарындағы мәліметтермен салыстырылып деректерге талдау жасалсын.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

74. Коммуналдық саладағы тарифтерді бекіту туралы өкілетті мемлекеттік органдар шешімдерінің заңдылығына, сондай-ақ монополист-кәсіпорындардың заңдарда анықталған тауарларды сатып алу және қызмет көрсету процедураларының сақталуына баса назар аудара отырып, монополияға қарсы заңнаманың қолданылуына үнемі тексеру жүргізілсін.

75. Нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес заңдарының қолданылуын қадағалау саласында өкілетті органдардың өздеріне жүктелген есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымын бақылау, олардың алдын-алу және салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау функцияларын атқаруына баса назар аударылсын.

#### 4. Көлік саласында заңдардың орындалуын қадағалау

76. Көлік прокурорлары:

- 1) көліктегі өкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан;
- 2) теміржол, су, әуе, құбыр (суағардан басқа) көліктерінің шаруашылық субъектілерінің, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы объектілерін салып, пайдаланатын ұйымдардың тарапынан заңдардың дұрыс қолданылуын қадағаласын.

Ескерту: 76-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен.

77. Көліктегі қадағалаудың негізгі міндеттері:

- 1) мемлекет пен ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қорғау, сонымен қоса терроризм, есірткі заттарын тасымалдау, заңсыз көші-қон және т.б. фактілерге жо л б е р м е у ;

- 2) теміржол, су, әуе, құбыр көліктері мен көлік инфрақұрылымы объектілеріндегі қауіпсіздіктің сақталу мәселесі;

- 3) табиғат аясының барлық түрдегі, әсіресе қауіпті, разрядтық және басқа түрлі жүк тасымалдау кезінде көлік қызметінен экологиялық сақтандырылу;

- 4) тасымалданатын стратегиялық маңызды жүктердің (мұнай, мұнай өнімдері, астық, әскери жабдықтар және т.б.) сақталуы.

Жолаушыларға қызмет көрсету және тұтынушыларға көлік қызметін көрсету кезінде прокурорлық қадағалаудың құқық қорғау функцияларына баса назар аударылсын.

78. Көлікте жүру қауіпсіздігі мәселелері бойынша тексеру қажеттігіне байланысты жоспарлансын, бірақ мұндай тексеру саны жылына екі мәртеден кем болмауы керек, су көлігінде - жүзу маусымы кезінде ұйымдастырылсын.

79. Көлік прокурорлары кемінде жарты жылда бір мәрте темір жол, әуе және су көлігінің жүруі қауіпсіздігі бойынша заңдылық жағдайын және көліктегі төтенше оқиғалардың себеп-салдарларын қорытындыласын. Қорытындылау нәтижелері туралы ақпаратты жартыжылдықтан кейінгі айдың 10-шы жұлдызына дейін Бас прокуратураға жолдасын.

80. Темір жол, әуе, кеме және құбыр көліктеріне қауіпті жалпы және көпшіліктік жанжал туғызатын ахуал туралы сигналдарға дереу шара қолданылсын. Аймақтық көлік прокурорлары мұндай жағдайда жергілікті оқиға орындарына қызметкерлердің баруын қамтамасыз етіп, тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізсін, ал заңдылықтың бұзылуы анықталса, қажетті шаралар қолдансын.

81. Көлік прокурорлары алдын-ала қарастырылған мәселелер мен жоспарланған хабарлау схемасы бойынша аумақтық прокуратуралармен

әрекеттесіп көліктің қираған, теміржолдан шығып құлаған, апатқа және басқа әр түрлі дәрежедегі төтенше оқиғалар орын алған жерлерге дереу жетсін.

Мұндай оқиғалардың әрбір фактісі бойынша 24 сағаттың ішінде Бас прокуратураға арнайы хабарлама жолдансын.

Төтенше оқиғалар болған жерлерден көлік прокуратуралары алыс болса, жақын тұрған аумақтық прокурорлар Бас прокуратураға алдын-ала хабарлап, жиналған барлық тексеру материалдарын көлік прокурорына берсін.

## **5. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың қолданылуын қадағалау**

82. Табиғатты қорғау заңнамаларын қолдануды қадағалау саласында төмендегі мәселелерге ерекше назар аударылсын:

1) табиғи ресурстарды пайдалану құқығын заңсыз беру фактілерін анықтауға және тосқауыл қоюға;

2) құқыққа қайшы әрекеттердің нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтыруға;

3) табиғатты қорғау заңнамаларының осы саладағы басымды қадағалау бағыттары бойынша тексеру ұйымдастыруға және жүргізуге (шаруашылық қызметтің субъектілеріне арнайы табиғатты пайдалану құқығын беру;

Қазақстан Республикасының жануарлар, өсімдіктер әлемін, орман және су ресурстарын пайдалану құқығын беру; өкілетті мемлекеттік органдардың қызметі мен әрекеттерінің заңдылығы);

4) табиғатты қорғау іс-шараларына арнап бөлінген қаражаттарды жұмсау, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдаланғаны және қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемақыны алу кезінде заңдылықтың сақталуына;

5) ерекше қорғаудағы табиғи аумақтардың, сирек және жоғалып кету қауіпі бар жануарлар мен өсімдіктердің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ аса қолайлы экологиялық жағдайларды қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларға бас назар аударылсын.

83. Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар Қазақстан Республикасында сирек кездесетін және жойылып кету қауіпі бар жануарлар мен өсімдіктер олжаланып, орман ағаштары шабылып, табиғи сулар тартылып, ластанып, күл-қоқыс төгіліп қоршаған ортаға кері әсер етуіне байланысты құқық бұзушылық пен қылмыстық істер бойынша өндіріс заңдылығының мінсіз сақталуын қамтамасыз етсін.

84. Орталық атқарушы органдарынан жер қойнауын пайдалану құқығын алған жер қойнауын пайдаланушылардың шаруашылық жұмыстарын Бас прокуратураның тапсырмалары немесе оның келісіміне сай тексерілсін.

85. Жер қойнауын пайдаланушылардың шаруашылық жұмыстарының заңдылығын тексеру барысында міндетті түрде қоршаған ортаны қорғау, әсіресе оны ластау мәселелері табиғатты қорғау прокурорларының күшімен тексерілсін.

86. Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілгендер өз құзырындағы қадағалау аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың жариялануын 24 сағаттың ішінде Бас прокуратураға хабарласын.

87. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайға әкеп соққан апаттарды, күйреулер мен өзге оқиғаларды тексеру кезінде заңдылықтың сақталуы, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға және оның себептерін жоюға бөлінген бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуы үнемі қадағалансын.

## **6. Қоғамдық діни бірлестіктер және бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамалардың қолданылуын қадағалау**

88. Аталмыш қадағалау саласында ерекше назар аударатын мәселелер:

1) қадағалау аумағындағы қоғамдық, діни бірлестіктердің, басқа үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіндегі заңдылықты ү н е м і т а л д а у ;

2) Конституцияға қайшы қандай да болмасын іс-әрекеттерді тыюға, экстремизм мен терроризм себептерінің алдын алу және тосқауыл қоюға, кінәлі тұлғаларды анықтап, оларды заңда белгіленген жауапкершілікке тартуға бағытталған түбегейлі іс-шаралар қабылдау.

89. Конституция мен заң нормаларының бұзылу белгілерін дәлелдейтін материалдар бойынша дереу, қажетті жағдайда сараптама тағайындау арқылы, тексеру жүргізіп, олар бойынша тиісті қадағалау актілері қабылдансын, аталған ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін тоқтату немесе қысқарту туралы мәселелері қойылсын.

Бұл шаралар конституциялық құрылымды күштеп өзгертуге, Республика тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, заңсыз қарулы құрылымдарды құруға, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік, және рушылдық араздықты қоздыруға бағытталған ұрандар мен іс-әрекеттерді жігерлі түрде тыю және жою арқылы жүргізілсін.

Осы қызмет шеңберінде қадағалау аумақтарында жанжал жағдайларын шешу бойынша заңды шараларды әзірлеп ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің жай-күйіне, әлеуметтік қауырттылықтың бар-жоқтығына және оның дәрежесіне

құқықтық талдау тұрақты түрде жүргізілсін.

**Ескерту. 89-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

90. Қоғамдық, діни бірлестіктер, басқа да үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнамалардың қолданылуын қадағалау мен тиісті өкілетті органдардың күш-жігері аталған субъектілердің тарапынан есеп-тіркеу, қаржы және салық тәртібі мәселелерінде заңдылықтың сақталуына, оларды заңмен тиым салынған қаржы көздері арқылы қаржыландыру фактілерін болдырмауға, заңсыз түрде наразылық жиындарын өткізудің алдын алу мен оларды ұйымдастырушыларға ұйғарым енгізуге, заң талаптарын түсіндіруге және кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуға бағыттасын.

Бұл бағытта Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы полициясы агенттігі, Кедендік бақылау агенттігі және Әділет министрлігінің жергілікті органдарымен бірлесе отырып, әр тоқсанда кемінде бір мәрте тексеру жүргізілсін.

**Ескерту. 90-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

91. Қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіндегі заңдылықтың сақталуын тексерген кезде, еліміздегі қоғамдық-саяси және діни ахуалдың тұрақсыздануына бағытталған қоғам мүддесіне қайшы мазмұндағы шығармаларды республикаға заңсыз әкеліп, тарату фактілеріне назар аударылсын.

Көрсетілген жағдайлардың орын алуы анықталса, дереу қажетті сараптама тағайындап, 24 сағаттың ішінде Бас прокуратураға хабарлама және заңсыз мазмұндағы басылымның бір данасы жолдансын.

92. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" ҚР Заң талаптарының сақталуына байланысты тексеру қадағалау аумағындағы басылымдарда жарияланатын, таратылатын, телерадиокомпаниялармен шығарылатын және Интернет-ресурстарында орналастырылатын материалдарды үнемі зерделеу негізінде жоспарланып, жүргізілсін.

Шығарылым деректерін, мемлекеттік тілде хабар тарату көлемін сақтамау; заңды тұлғаның - бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің акцияларының (үлесінің, пайының) жиырма проценттен астамын шетелдік тұлғалардың иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және басқаруына тыйым салу; тыйым салынған тауарларды, жұмыстарды (қызметтерді) жарнамалау; мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету; экстремизм мен терроризмді насихаттау және ақтау; терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату; есірткі құралдарын, психотроптық заттар

мен прекурсорларды насихаттауды қамтитын хабарламалар мен материалдарды тарату; порнография, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты насихаттау немесе үгіттеу бөлігінде заңнаманы бұзуды жою жөнінде шаралар қолдансын.

Уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманың сақталуын және аталған салада құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесуді қамтамасыз ету жөніндегі бақылау функцияларының практикасына, жеткіліктілігіне талдау жүргізілсін.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметіне қатысты талап енгізу қажеттілігі пайда болатын кезде, Бас прокуратурамен алдын ала келісілсін. БАҚ-пен байланысты не оның қатысуымен өтетін барлық азаматтық даулар, әкімшілік және қылмыстық өндірістер туралы ақпарат, кімнің іс бойынша тарап болуына қарамастан, міндетті түрде Бас прокуратураға дереу хабарлансын.

**Ескерту. 92-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2008.06.25. N 29 бұйрығымен.**

93. Көрсетілген мәселелер бойынша әкімшілік, қылмыстық істер, қоғамдық, діни ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің тоқтатылуы мен қысқартылуы туралы талап арыздар материалдары бойынша қабылданған шешімдер, олардың соттарда заңды және уақытылы қаралуы, заңда көрсетілген жауапкершілік шараларының қолданылуының заңдылығы туралы мәліметтер жинастырылып отырсын.

94. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар, діни нанымға бостандық және діни бірлестіктер туралы заңнамалардың қолданылуын қадағалау жөніндегі жұмыстың нәтижелері, қорытындылау нәтижелері, оның ішінде сот-тергеу, прокурорлық тәжірибе, заңнаманы жетілдіру жөнінде дәлелді ұсыныстар келтіріліп, кейін ол Бас прокуратураға жолданып, тоқсанына кемінде бір мәрте қорытындыланып жинақталсын.

Құқық қорғау, уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету жөнінде жүзеге асыратын шараларының жеткіліктілігі бөлігінде қорытындылау нәтижелері Құқық қорғау органдарының Үйлестіру кеңесінің қарауына шығарылсын.

**Ескерту: 94-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 , өзгерту енгізілді - 2008.06.25. N 29 бұйрықтарымен.**

**7. Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамалардың қолданылуын қадағалау**

95. Мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда жүргізілетін тексеру тематикасына қарамай, сыбайлас жемқорлық пен оған жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды анықтау, бұлтартпау және алдын-алу прокуратура органдарының басты міндеттерінің бірі деп белгіленсін.

96. Бұл бағыттағы жұмыс қадағалауға бағынышты мемлекеттік органдарда мемлекеттік тәртіптің жай-күйі, олардың сыбайлас-жемқорлыққа қарсы жүргізіп жатқан күрес шаралары тиімділігін зерделеу, құқық қорғау органдарымен мемлекеттік органдардың лауазымды қызметкерлерінің заңдарды орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы туралы материалдар алмасу негізінде жүргізілсін.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу мақсатында прокурорлар мемлекеттік органдар қызметіне қатысты қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот тәжірибесін үнемі талдап, құқықтық статистика органдарының сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзған субъектілері туралы мәліметтер банкісін пайдалансын.

97. Азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық туралы хабарлары дереу қаралсын, мұндай мәліметтерді алу үшін азаматтарды қабылдау және тұрғындармен кездесу ұйымдастырылып отырсын, әрбір прокуратурада байланыс телефондары орнатылып, олар туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мезгіл-мезгіл халыққа жарияланып тұрсын.

98. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа жол бергені туралы бұқаралық ақпарат құралдарында нақты мәліметтер жарияланса, олар тексеріліп, тиісті шаралар қолданылсын.

Тексеру нәтижесі бойынша заңдылықты қалпына келтіру мен кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуға қолданылған шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, Бас прокуратураға ақпарат жолдансын.

99. Мемлекеттік органдарды тексеру кезінде олардың кадр қызметі және қызметкерлерімен мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамаларда белгіленген арнайы талаптардың және қаржы бақылау шараларының орындалуына назар аударылсын.

**Ескерту: 99-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**

100. Прокурорлық қадағалау шаралары арқылы сыбайлас-жемқорлықпен құқық бұзған және сыбайлас-жемқорлыққа жағдай жасаған мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының заң актілерінде көрсетілген жазаға бұлтартпай тартылуына қол жеткізілсін.

Егер мемлекеттік органдардың басшылары өз өкілеттіктері шеңберінде сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қолданбаса, олардың заңнамаларда көрсетілген жауапкершілігі жайында мәселе көтерілсін.

101. Мемлекеттік органдардың облыстық деңгейдегі басшыларының тарапынан заңнамаларды бұзу фактілері анықталса, кінәлі адамдарды жауапқа тарту, я болмаса қызметінен босату туралы Қазақстан Республикасының Президентінің және орталық мемлекеттік органдардың басшыларына берілетін ұсыныстың жобасы мен тексеру материалдары Бас прокуратураға жолдансын.

102. Сыбайлас жемқорлықтың салдарын жоюға, соның ішінде заңсыз алынған мүліктерді қайтаруға, шарттардың жарамсыз деп тануға, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық нәтижесінде қабылданған актілерді жоюға түбегейлі шаралар қабылдансын.

103. Мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларын қабылдаған кезде заңдылықтың қатаң сақталуы қамтамасыз етілсін.

## **8. Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынас**

104. Ақпарат агенттіктері, баспа, радио және теледидар арқылы халыққа заңдылық пен құқық тәртібінің жағдайы туралы жүйелі түрде хабарлансын.

105. Қоғамның назарын аударатын, сондай-ақ заңның өрескел бұзылуын анықтаған прокурорлық тексерудің нәтижелері, мемлекеттік мүддеге, жеке азаматтарға келтірілген зиянның орнын прокурорлық шаралармен толтыру туралы мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында жедел хабарлансын. Орынсыз сенсацияларға, дүрлігулер мен жеңіл-желпі мәліметтерге жол берілмесін.

106. Бұқаралық ақпарат құралдарымен, азаматтардың және қоғамдық діни бірлестіктерімен қарым-қатынастар жасағанда, оларға тиісті ақпарат беруден негізсіз бас тартуға, прокурорлық қадағалау мен қылмыстарды тергеу барысына араласуға тиым салатын заң талаптары қалтқысыз қадағалансын.

107. Заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуда қолданылып жүрген шаралар туралы ақпараттарды, материалдарды, мақалаларды, сұхбаттарды, телерадио бағдарламаларын, арнайы және т.б. репортаждарды агенттіктердің тілшілермен, журналистермен, репортерлермен бірігіп дайындау тәжірибеленсін.

108. Материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарына беру кезінде Конституцияда белгіленген әр азаматтың жеке өміріне, жеке басы мен отбасының құпиясына қол сұқпаушылық, ар-ожданын қорғау кепілдігі туралы талаптар қатаң басшылыққа алынсын.

109. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми хабарлары тек Бас Прокурордың келісімімен оның баспасөз қызметі арқылы ғана жолдансын.

110. Баспасөзге берілетін материалдар мұқият тексеріліп, олардың сапасы қамтамасыз етілсін.

111. Бас прокуратураға ұсынылған материалдардағы деректердің толықтығы мен нақтылығын қамтамасыз етуге байланысты жауапкершілік прокуратура органдарының бірінші басшыларына жүктелсін.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

112. Прокуратура органдарының қызметін бағалаудың негізгі шарты конституциялық заңдылықтың жағдайын жақсартудағы қабылданған шаралардың тиімділігі болып саналсын, атап айтқанда:

1) қоғамдық қарым-қатынастың барлық салаларында құқық бұзушылықтарды уақытында анықтау және оны нақты жою, сондай-ақ олардың туындау себеп-салдарларын прокурорлық қадағалау шараларымен жою;

2) сандық көрсеткіштерге жіктеуді аластай отырып, қоғамдық қатынастардың әр саласында тиісті прокурорлық ықпалды қамтамасыз ету арқылы заңдылыққа қ о л ж е т к і з у ;

3) заң бұзушылардың, соның ішінде мемлекеттік билік пен басқару органдарының лауазымды тұлғаларының олардың қызмет деңгейіне қарамай, жауапкершілікке тартылуын бұлтарпай қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, меншік нысанына қарамай, және олардың лауазымды тұлғаларының заңсыз іс-әрекеттері салдарынан мемлекетке келтірілген зиянның орнын толтыру.

113. Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар қажетті жағдайда жоспарлы және өзге тексеру жүргізген кезде республиканың басқа аймақтарының прокурорларымен ақпарат алмасып, жеке тапсырмаларды орындауда прокуратура қызметкерлері мен мамандарын бөлу арқылы тікелей және жедел өзара қарым-қатынас қамтамасыз етсін.

114. Бас прокуратураның Деректер жиынтығына прокурорлық қадағалау актілері мен оларға жауаптарының көшірмелерін жүйелі түрде және дер кезінде ұ с ы н у қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

**Ескерту: 114-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Бас Прокурорының 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 42 бұйрығымен .**